

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 8, 45-құжат; № 19-20, 86-құжат; № 21-22, 91-құжат):

1) 1-баптың 29) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«29) су қорғау белдеуі – осы Кодексте айқындалған шарттарда су қорғау белдеуінің енін жиырма метрге дейін азайтуға жол берілетін республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда, шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленетін, су объектісіне іргелес жатқан су қорғау аймағы шегіндегі ені кемінде отыз бес метр аумақ;»;

2) 116-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толтырылсын:

«Республикалық маңызы бар қалалар шегінде су объектісінің су қорғау белдеуінің енін елді мекендерді дамытудың бекітілген бас жоспарларына сәйкес нақты жоспарлау жағдайларын негізге ала отырып және қолданыстағы құрылыс салу шегінде мынадай шарттар сақталған кезде жиырма метрге дейін азайтуға жол беріледі:

1) жоғары жатқан аумақтардан жерүсті ағын судың су объектілеріне түсу ықтималдығын болғызбайтын жағалау аймағын міндетті инженерлік немесе орман-мелиорациялық жайластырудың (жақтаулар, құламалар, орман-бұталы белдеулер) болуы;

2) жерүсті және жерасты судың ластануын болғызбайтын, ресурс үнемдейтін технологиялық процестерге, шикізат пен технологиялық қалдықтарды кешенді пайдалану мен қайта өңдеуге, қалдықсыз, суы аз немесе сусыз технологиялық процестерді қолдануға, техникалық сумен жабдықтаудың тұйықталған жүйелерін құруға, қатты, сұйық және газ тәрізді қалдықтарды өңдеу кезінде кешенді тәсілге бағдарланған технологиялық жүйелерді пайдалану;

3) жердің су ресурстарының ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбайтын шаралардың сақталуы ескеріле отырып, жерді шаруашылық пайдалану, су түбіндегі шөгінділердің ұлғаюын немесе соның салдарынан су объектілерінің ластануына, сондай-ақ атмосфера арқылы газ және аэрозоль шығарындыларымен ластануға алып келетін ондағы зиянды заттардың жинақталуын болғызбау;

4) ұйымдастырылған орталықтандырылған кәріздің немесе ластанған ағынды суды бұру мен тазалаудың өзге де жүйесінің болуы.».

2. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2,

10-кұжат; № 7, 37-кұжат; № 10, 52-кұжат; № 12, 82-кұжат; № 14, 84-кұжат; № 19-I, 19-II, 96-кұжат; № 21, 122-кұжат; № 23, 143-кұжат; № 24, 145-кұжат; 2015 ж., № 8, 42-кұжат; № 11, 57-кұжат; № 20-IV, 113-кұжат; № 20-VII, 115-кұжат; № 22-I, 141-кұжат; № 22-II, 144-кұжат; № 22-V, 156-кұжат; 2016 ж., № 1, 2-кұжат; № 6, 45-кұжат; № 7-II, 56, 57-кұжаттар; № 8-II, 71, 72-кұжаттар; № 24, 124-кұжат; 2017 ж., № 4, 7-кұжат; № 7, 14-кұжат; № 9, 17-кұжат; № 12, 34-кұжат; № 23-III, 111-кұжат; № 23-V, 113-кұжат; 2018 ж., № 10, 32-кұжат; № 19, 62-кұжат; № 24, 93-кұжат; 2019 ж., № 7, 37-кұжат; № 19-20, 86-кұжат; № 21-22, 91-кұжат; № 23, 103-кұжат; 2020 жылғы 26 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы 291-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«291-1-бап. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптар»;

2) 1-бап мынадай мазмұндағы 30-2) және 30-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«30-2) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату – органикалық қалдықтардан биогаз және өзге де отын алуды қоспағанда, қалдықтарды олардың көлемін азайту және энергия алу, оның ішінде оларды қайталама және (немесе) энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану мақсатында термиялық өңдеу процесі;

30-3) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату үшін технологиялық тұрғыдан қажетті, олармен өзара байланысты құрылысжайлар мен инфрақұрылымның жиынтығы;»;

3) 16-бап мынадай мазмұндағы 4-3) тармақшамен толықтырылсын:

«4-3) аукциондық бағаларды индекстеу тәртібін қоса алғанда, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекітеді;»;

4) 17-бап мынадай мазмұндағы 28-14), 28-15), 28-16), 28-17), 28-18) және 28-19) тармақшалармен толықтырылсын:

«28-14) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды әзірлейді және бекітеді;

28-15) энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың

тізбесін әзірлейді және бекітеді;

28-16) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

28-17) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

28-18) аукциондық бағаларды индекстеу тәртібін қоса алғанда, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын әзірлейді;

28-19) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

5) 20-баптың 9) тармақшасы «объектілерді» деген сөзден кейін «, оның ішінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 288-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың тізбесіне енгізілген өндіріс және тұтыну қалдықтары энергетикалық кәдеге жаратуға ұшырамайды.»;

7) мынадай мазмұндағы 291-1-баппен толықтырылсын:

«291-1-бап. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптар

1. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалану қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптар Еуропалық парламент пен Еуропалық Одақ Кеңесінің «Өнеркәсіптік шығарындылар туралы (ластануды кешенді болғызбау және оны бақылау туралы)» 2010/75/ЕО Еуропалық Директивасына баламалы болуға тиіс.

2. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудың жаңа объектілерін салуға және пайдалануға арналған шығындарды өтеу жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығының қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген және олар Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне берген электр энергиясын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын индекстеуді ескере отырып, өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған аукциондық бағалармен сатып алуы арқылы жүзеге асырылады.

3. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттыққа қалдықтарды энергетикалық

кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне енгізілген және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған жаңа, бұрын пайдалануда болмаған техникалық құрылғылар мен қондырғыларды және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті, олармен өзара байланысты құрылысжайлар мен инфрақұрылымды қолданатын энергия өндіруші ұйымдар жіберіледі.»;

8) 292-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері иелеріне қалдықтарды шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;».

3. «Теміржол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 60-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 11, 29-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 7, 37-құжат; № 8, 45-құжат; № 21-22, 91-құжат; № 24-I, 118-құжат; № 24-II, 123-құжат):

1) 1-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) жүк – тасымалдау шарты ресімделе отырып, тасымалдауға қабылданған мүлік, оның ішінде бос меншікті вагон (контейнер);»;

2) 40-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 32-1) тармақшамен толықтырылсын:

«32-1) бос меншікті вагондарды (контейнерлерді) тасымалдау;».

4. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат;

№ 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-II, 131-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; 2019 ж., № 7, 37, 39-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 23, 103-құжат; № 24-II, 124-құжат):

1) 9-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Энергия өндіруші ұйымның, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымның электр қондырғыларын кешенді сынау электр желілік қағидаларға сәйкес, кешенді сынау жүргізу кезінде өндірілген электр энергиясының бүкіл көлемін сатып алу-сату шарты болған кезде жүйелік оператормен келісілген бағдарлама бойынша жүргізіледі.»;

2) 12-баптың 3-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, энергия өндіруші ұйымдар:»;

3) 13-баптың 3-2-тармағы 4) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығынан сатып алуды қоспағанда, энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын алуға (сатып алуға) тыйым салынады.».

5. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 13-14, 61-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 72-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 24, 93-құжат):

1) кіріспедегі «белгілейді» деген сөз «айқындайды, сондай-ақ қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды қолдау тетігін реттейді» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

1) және 1-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) аукциондық баға – аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығының сатып алуына арналған баға;

1-1) аукциондық сауда-саттық – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы аукцион негізінде электрондық жүйеде ұйымдастыратын және өткізетін және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспары ескеріле отырып, осы жана объектілерді, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудың жаңа объектілерін салу жөніндегі жобаларды іріктеуге және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындауға бағытталған процесс;»;

2) тармақшаның бірінші абзацы «жаңартылатын энергия көздерінен» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан» деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша «жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы «объектілері», «бірыңғай электр энергетикасы» деген сөздер тиісінше «объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері», «біртұтас электр энергетикалық» деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша «жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері» деген сөздермен толықтырылсын;

9-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9-2) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – осы Заңға және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергияны өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;»;

мынадай мазмұндағы 9-3) тармақшамен толықтырылсын:

«9-3) резервтік қор – қаржы-есеп айырысу орталығы қалыптастыратын қор, оның ақшасы арнайы банктік шотта сақталады және шартты тұтынушылар тарапынан өздеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясы берілгені үшін төлем жасалмау немесе төлемді кідірту салдарынан туындайтын кассалық алшақтықтар мен қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия

көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы берешегін жабуға ғана пайдаланылады;»;

14) тармақшадағы «объектісі», «бірыңғай электр энергетикасы» деген сөздер тиісінше «объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі», «біртұтас электр энергетикалық» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-бапта:

8) және 9-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) электр немесе жылу желілеріне ең жақын қосу нүктесін айқындау және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін қосу тәртібі мен мерзімдерін әзірлейді және бекітеді;»;

«9-1) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін қосу туралы үлгілік шартты, сондай-ақ оны жасасу тәртібі мен мерзімдерін әзірлейді және бекітеді;»;

10) тармақшада:

«жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері» деген сөздермен толықтырылсын;

«жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын» деген сөздер «жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1-бап. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндіретін электр энергиясын өндіруге, беруге және сатып алуға қатысушылардың міндеттері»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Желілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері қосылған энергия беруші ұйымдар электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде айқындалған, өздерінің желілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері берген электр энергиясының көлемдері туралы мәліметтерді ай сайын қаржы-есеп айырысу орталығына ұсынуға міндетті.»;

2-тармақтың 1) тармақшасы «жаңартылатын энергия көздерін» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды» деген сөздермен толықтырылсын;

2-1-тармақтың екінші бөлігі «жаңартылатын энергия көздерін» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды» деген

сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

«1-2) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген және олар Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне берген электр энергиясын осы Заңның 8-1-бабының 2-тармағында көзделген индекстеу ескеріле отырып, өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған аукциондық бағалармен осы Заңда белгіленген тәртіппен сатып алуға және шартты тұтынушылар үшін белгіленген ақы төлеу мерзімі аяқталғаннан кейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей ақысын төлеуге;»;

2) тармақшадағы «жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын» деген сөздер «жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «жаңартылатын энергия көздерінің барлық түрлерінен», «бірыңғай электр энергетикасы» деген сөздер тиісінше «жаңартылатын энергия көздерінің барлық түрлерінен, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланудан», «біртұтас электр энергетикалық» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Қаржы-есеп айырысу орталығы осы Заңға және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қолдау жүзеге асырылатын және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне енгізілген, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасады және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне электр энергиясын жіберу жүзеге асырылған кешенді сынақтар басталған күннен бастап он бес жыл бойы электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.»;

6-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар;»;

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Осы баптың 6-тармағында көрсетілген міндеттермен қатар, белгіленген қуаттылығы кемінде бір мегаватт болатын жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүйелік оператор белгілеген, электр станциясының генерациялайтын қондырғыларының жұмыс режимдерін сақтауға міндетті.»;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға қаржы-есеп айырысу орталығымен сатып алу-сату шартын жасасу үшін өздері аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне енгізілгеннен кейін күнтізбелік алпыс күн ішінде өтінім береді.

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасу үшін өтінімге мынадай материалдар мен құжаттарды береді:

- 1) құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;
- 2) берілетін электр энергиясының көлемдері туралы ақпарат.»;

8-тармақта:

«жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын» деген сөздер «жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісінде» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісінде» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 9-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр және (немесе) жылу энергиясын сату кезіндегі қолдау»;

3-тармақтың бірінші бөлігі «жаңартылатын энергия көздерінен» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан» деген сөздермен толықтырылсын;

4 және 4-1-тармақтар «энергия көздерін пайдалану объектілері» деген сөздерден кейін «, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері» деген сөздермен толықтырылсын.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне теміржол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2019 ж., № 24-II, 123-құжат):

2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Заңның 1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы, 3-тармағы, 4-тармағы 1) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтары, 5) тармақшасы 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**



Бұжартамамен қамтамасыз ету бөлімінің
менгерушісі *М.Н.* Т. Башиандетова